



ӘОЖ 902/904

FTAXP 03.41.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.95(3).74

¹С.Рахимжанова*, ²Ы.Құрманиязов, ¹Ж.Аккошқарова, ³Анна Ракутубе

¹Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты Алматы қ, Қазақстан.
²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан.

³Технологиялық жоғарғы институты, Анциранан қ., Мадагаскар.

*Корреспондент-авторы: saule-rahim@inbox.ru

E-mail: saule-rahim@inbox.ru; yslam.kurmaniyazov@gmail.com; jan-adil@mail.ru; rakotobe.ann@gmail.com

СОЛТҮСТІК АРАЛ МАҢЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ-АҒЫМ ТҰРАҒЫНЫҢ ДОҒАЛ ТИПТЕС КЕРАМИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада Жалғыз-Ағым тұрағының доғал типтес керамикасының техникалық-типологиялық талдауының нәтижелері берілген. Керамикалық кешен А.А. Бобринский мен оның ізбасарлары қалыптастырған ежелгі қыш өндірісін зерттеудің тарихи-мәдени тәсілі шеңберінде зерттелді.

Зерттеу жұмысы Жалғыз-Ағым тұрағының доғал типтес керамикасында мәдени дәстүрлерді анықтап, басқа ескерткіштердің материалдарымен салыстыруға бағытталды. Берілген тип керамикасын зерттеу сол уақытта өмір сүрген көзешілер жаппай орташа темірленген сәл құмды саз-балшық қолданғандарын көрсетті. Саздардың құмдану деңгейін, лайлы саздарды және табиғи минералды қоспалардың құрамын зерттеу бастапқы иілімді шикізат көзінің бес шартты «орнын» анықтауға мүмкіндік берді. Қыш ыдыстарының қалыптау қоспаларын зерттеу Жалғыз-Ағым тұрағында доғал типтес керамиканың жасалуы «саз+шамот+органикалық ерітінді» (70%) тәсілі бойынша басым екендігін көрсетті, ал қалған тәсілдер бірең-сараң тіркелді. Алынған нәтижелер бойынша осы қоныста сол уақытта өмір сүрген тұрғындар едәуір біркелкі болды деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Қыш ыдысының бетін өңдеу үшін жұмсақ затпен қолмен тегістеу қолданылып, беті ангобпен боялған (100%). Зерттеліп жатқан қыш ыдыстарының арасында көзе пішінді ыдыстар жаппай кездеседі (70%), белдеу (52,9%) және тегіс (41,2%) элемент басым өрнек болып табылады.

Осылай, зерттелген материалдар доғал типтес керамиканың Батыс Қазақстанда да таралғандығын көрсетеді.

Кілт сөздер: доғал типтес керамика; тұрақ; керамика; техникалық-технологиялық талдау; ою-өрнектеу; Арал маңы.

*Kіpіcne*

Доңғал типтес керамика б.з.д VIII ғ., яғни кейінгі қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтпелі кезеңмен мерзімделеді, 1987 ж. В.Г. Ломан Доңғал қонысының материалдары бойынша бөліп шығарды. Сол жылы Валерий Григориевич берілген тип қыш ыдысының негізгі белгілерін бөліп шығарып, Орталық Қазақстанның ежелгі тарихы үшін орны анықталды. Доңғал типтес керамиканың анықтаушы белгілері: 1. ернеуінің астында 0,5-1 см төмен белдеудің орналасуы; 2. кескінінде жіңішке, тіктөртбұрышты немесе үшбұрышты белдеулер; ыдыстарды жапсырмалы, қиғаш қойылған белдеулермен безендіру; 3. ою-өрнек салу үшін әдетте саусақ іздерін қолдану; 4. ыдыстардың біраз бөлігінде жиекті ернеудің бар болуы[1]. Бұл типтес керамика Орталық және Шығыс Қазақстан, Жетісу кешендерінде [2; 3, 99-101 б., 125-126 б.; 4, 82 б.;5;6; 7; 8;9, 60-61 б.,110 б.]және Алтайда [10; 11, 178-179 б.;12]тіркелді.Берілген кешенде жүргізілген зерттеу жұмыстары доңғал типтес керамиканың бірінші рет Батыс Қазақстанда да Жалғыз-Ағым тұрағында анықталғандығын көрсетеді.

Жалғыз Ағым тұрағықұмды төбелердің беткейінде қазіргі таңда шағын террасалар ретінде берілген біраз тығыз және гумификацияланған топырақ бетінде жатыр.Сол қабаттың бетінде тігінен тұрған нуклеустерді, жаңқа үйінділерін, күл қалдықтарын және остеологиялық материалдарды кездестіруге болады. Құмды төбелерде тереңдігі 3-5 м жететін үрленген үлкен шұңқырларда тас құралдар мен керамика сынықтары ретсіз үйінділер және жеке-жеке *insitu* түрінде жатыр.Сонымен қатар, бұл қабатқа биіктігі 5-6 м болатын құм жалдары үйілген, бұл жалдардың құмында ешқандай құрал, керамика жоқ [13].

Арал маңы Қарақұмының бедерлі құрылымы Арал теңізіне қарай еңістеліп келіп сәл төбелі құмды жазықтық болып табылады. Абсолютті белгілері 55 метрден 71 метрге дейін.

Тұрақ бірінші рет 1954 ж. КСРО ҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнография институтының А.В. Виноградов жетекшілігіндегі Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясымен зерттелді. Олар №86 жол айрығының бекетіне жақын Шелги-Загем 1-3 ескерткіштер тобын ашып, ол ескерткіштердің материалдарын энеолит және қола дәуірлеріне жатқызды[14, 84-85 б.;15, 90-93 б.]. Кейін тұрақта 1980-1983 жж. кеңес әскерінің офицері В.И. Колосов артефактілерді жинады. Олар қазіргі таңда Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. 2006 ж. тас индустриясының неолиттік және энеолиттік кешендерін Г.Т. Исаков өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында қарастырды. Жалғыз-Ағым бекетінің маңында бірнеше табылған орындарын зерттеп, Аральск-1, 3-4, 6а, 6б атауларын берді [16, 95-102 б.; 17, 104 б.]. 2004-2011 жж. Солтүстік-Шығыс Арал маңы барлау жұмыстары барысында Шірікрабат археологиялық экспедициясы (экспедиция бастығы Ж.Құрманқұлов) орыс және қазақ тілдерінде «Қызылорда облысының ескерткіштер жинағы» басылып, ескерткіштердің орны нақтыланды [17; 18, 102-108 б.]. Кейін, 2020 ж. А.А. Тәжікеев және Ы.С. Құрманязов Қорқыт ата ат. Қызылорда экспедициясымен ескерткіш қайта зерттеліп, археологиялық материал жиналды[19, 49-60 б.].



Материалдар мен әдістер

Жалғыз-Ағым тұрағынан табылған қыш ыдыстар арасынан доңғал типтес он қыш ыдыстың ернеулері арнайы сарапттамаға алынды.

Алынған қыш ыдыстарға қазіргі таңда Арал аудандық тарихи өлкетану музейі қорында сақтаулы 1980-1983 жж. кеңес әскерінің офицері В.И.Колосовтың ескерткіштің беткі қабатынан жинап алған материалдары енді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі А.А. Бобринский жасаған ежелгі қыш ыдыстарды зерттеудегі тарихи-мәдени әдіс болып табылады [20;21]. Тарихи-мәдени тәсілмен зерттеудің негізгі нысаны ретінде шикізатты іріктеу дағдыларынан бастап дайын бұйымдарды күйдіру дағдыларына дейінгі ыдысты дайындаудың барлық сатыларында белгілі бір еңбек дағдыларын қолдану нәтижесінде пайда болған қыш ыдыстардың беттеріндегі және сынықтарындағы ерекше белгілері, сондай-ақ белгілі бір шаруашылық қажеттіліктеріне пайдалану нәтижесінде пайда болған «іздер» болып табылады. Бұл әдіс бойынша зерттеудің негізгі міндеті-жеке ескерткіш, жергілікті ескерткіштер тобы немесе жалпы археологиялық мәдениет шеңберінде белгілі бір тұрғындардың қыш ыдыстарындағы ерекше «іздері» бойынша нақты еңбек дағдылары мен мәдени дәстүрлерін қайта құру болып табылады [20;22;23; 24; 25;26].

Негізгі бақылау МБС-10 микроскопының көмегімен қыш ыдысы фрагменттерінің жаңа сынықтары бойынша жүргізілді. Бастапқы иілімді шикізаттың темірлену дәрежесін анықтау үшін 800° С температурада муфель пешінде әр ыдыстың кішкене сынықтарын қайталама күйдіру қолданылды [22].

Күйдірілген қыш фрагменті арқылы саздың құмдану дәрежесін анықтау үшін қазіргі уақытта табиғи құм қоспасының мөлшері мен концентрациясын бақылауға алынады. Бұл жұмыста Е.В. Волкова ұсынған әртүрлі иілімді саздардың критерийлері қолданылды [27, 33 б.].

Керамиканы талдау қыш ыдыстарды жасаудың дайындық және бекіту сатысына кіретін қыш технологиясының сатылары бойынша жүргізілді.

Ою-өрнектерді зерттеу Ю.Б. Цетлин жасаған әдістеме бойынша жүргізілді [23].

Ю.Б. Цетлин ою-өрнек стилінің құрылымында бес иерархиялық деңгейді анықтады. Бұл элемент, өрнек, мотив, бейне және композицияның деңгейлері. Әрбір иерархиялық деңгейді сипаттау кезінде оларды бір-бірінен қатаң бөлінген критерийлері анықталды [23, 204 б.;28].

Ою-өрнек элементтері-бұл шебердің бір еңбек актісінде жасаған ыдыс бетіндегі «таңбалары» немесе динамикалық «іздері».

Өрнектер - бұл ыдыстың бетіндегі бірнеше түрту арқылы жасалған бірдей немесе әртүрлі ою-өрнек элементтерінен тұратын кескін [23,204 б., сур. 92].

Мотивтер - бұл өрнектер мен элементтерді ұйымдастыру. Яғни ыдыстағы өрнектер мен элементтердің қайталануы [23,204 б., сур. 93 а, б].

Бейнелер. Ою-өрнек стилінің келесі деңгейі – ою-өрнек «бейнесі». Ою-өрнек бейнесі көршілес ою-өрнек мотивтерінің екі (қос бейнелер) немесе үш (үштік бейнелер) үйлесімін қамтиды.



Пікірталас және нәтиже

Жалғыз-Ағым тұрағында 1980-1983 жж. В.И. Колосов күндізгі жер бетінен тапқан он доңғал типтес қыш ыдысы зерттелді. Зерттеу нәтижесінде келесі технологиялық ақпарат алынды.

Бастапқы шикізат. Талданған материал бойынша доңғал типтес керамика орташа және жоғары темірленген сәл құмды және орташа құмды саз бен лайлы саздан жасалғандығы анықталды. Саздың табиғи қоспалары ретінде тозаң тәрізіден ірі көлемді (0,05-3,5 мм) жұмырланған және сәл жұмырланған құмның, сынық және оолиттік қоңыр теміртастың (0,2-0,9 мм) әр түрлі мөлшері бар; лайлы сазда жоғарыда аталған қоспалардан басқа жұмырланған және сәл жұмырланған темірленбеген саз түйіршіктері, сүйектің бірең-сараң қоспалары (0,2-1,5 мм) бар.

90% жағдайда сазқолданылды. Зерттеу нәтижесінде 1:6 және 1:7 қатынасында көлемі 0,2-3,5 мм құмның сирек қоспасы, көлемі 0,2-0,9 мм қоңыр теміртас қоспасы бар сәл құмды (70%) саз және 1:5 қатынасында көлемі 0,05-1,2 мм құмның және 0,1-0,2 мм қоңыр теміртас қоспасы бар орташа құмды саз қолданғандығы тіркелді.

10% жағдайда 1:6 қатынасында көлемі 0,2-0,5 мм құм, көлемі 0,5-0,8 мм темірленбеген саздың аморфты түйіршіктері және көлемі 0,2-1,5 мм сүйектердің (сирек қоспа) қоспалары бар сәл құмды лайлы саз қолданылды.

Қалыптау массасы. Қалыптау массасының құрамын талдау барысында әдейі қосылған минералды және органикалық қоспалар бөлініп шығарылды. Жасанды минералды қоспа ретінде 1:4 қатынасында көлемі 0,1-ден 4 мм дейінгі қабыршақ, 1:4 және 1:5 қатынасында көлемі 0,4-тен 3,1 мм дейінгі іріктелмеген шамот қолданылды. Органикалық жасанды қоспалардан органикалық ерітінді енгізілді. Ол минералды қоспалардың бетіндегі қара «майлы» жалтырау және қабырғаларында майлы қара, сарғылт ақ және сұр түсті жұқа қабаты бар аморфты қуыстар бойынша анықталады.

Бұл ыдыстарды дайындаған көзешілердің пайдаланған жасанды қоспаларын талдау керамиканың қалыптау массаларын қалыптастыруда екі әр түрлі мәдени дәстүрді бөліп шығаруға мүмкіндік береді.

Бөліп шығарған қалыптау массасы тәсілдері арасында «бастапқы иілімді шикізат+шамот+органикалық ерітінді» (90%) жаппай, ал «бастапқы иілімді шикізат+қабыршақ+органикалық ерітінді» (10 %) сирек кездеседі.

Пішін және ою-өрнек. Жалғыз-Ағым тұрағында жалпы 10 дана доңғал типтес ыдыс анықталды, олардың ішінде ернеуі қайырылған (100%) көзе пішінді (70%), ернеу қиындысы жалпақ (14,3%), сүйірлеген (57,1%), жұмырланған (28,6%) болып табылады. Көзе-құты пішінді ыдыстар (30%) айтарлықтай сирек кездеседі ернеуі сәл қайырылған (100%), ернеу қиындысы жұмырланған (100%). Қалыңдығы 6-9 мм аралығында. Түбі жалпақ ыдыс фрагменті тіркелді. Түпті-қабырғалы қалыптау тәсілі қолданылған. Қалыптау элементтері –ширатылған қалыптау массасының үзінділері. Түбінің қалыңдығы – 8 мм. Үзінді қалыңдығы – 1,5 см.

Ою-өрнек. Ыдыстардың сыртқы беті тегіс (41,2%) және саусақты элемент (5,9%) белдеулерімен безендірілген (52,9%). Ою-өрнек элементтерінің ерекшеліктері. Қалыпты (44,4%), жапсырмалы белдеу (55,6%), кесіндісінде



үшбұрышты(88,9%), тіктөртбұрышты (11,1%) пішінді. Ені – 9-15 мм. Тегіс элемент. Динамикалық (14,3%). Ұзындығы – 12 мм, ені – 2,5 мм. Статикалық (85,7%). Көлбеу 60-90°. Ұзындығы -9-12 мм, ені -2-6,5 мм.Саусақты элемент. Көлбеу – 90°. Ұзындығы -10,5 мм, ені -9-12 мм.

Қарапайым мотивтер сирек кездеседі, үш түр(30%) ғана тіркелді: тегіс элементтерден, белдеуден және ирек белдеудентұратын мотив.

Мотивте тегіс элементтің бағыты – тігінен, белдеуде – көлденең. Мотивтік құрылым – сызықтық. Мотивте қатар саны – 1. Мотив бағыты – көлденең.

Күрделі қиылысатын мотив (3 түр) едәуір жиі кездеседі, олардың екі нұсқада (70%) кездесетін жеті данасы белгіленді: бірінің үстіне бірі салынған белдеуден және тегіс элементтерден тұратын күрделі қиылысатын мотив (85,7%) және бірінің үстіне бірі салынған белдеуден және саусақ іздері элементтерінен тұратын күрделі қиылысатын мотив (14,3%).

Мотивте элементтің бағыты – көлбеу солға/оңға және көлденең (71,4%), тігінен (28,6%). Мотив құрылымы – сызықтық (100%). Мотивте қатар саны – 1 (100%).Мотив бағыты – көлденең (100%).

Алты нұсқада 11 түр қос бейне тіркелді. Қос бейнелердің ішінде тек екі бейне жиі кездеседі – бір-бірімен қиылысатын белдеу мен тегіс элементтерден және өрнексіз аймақ (45,5 %) және өрнексіз аймақ пен бір-бірімен қиылысатын белдеулер мен тегіс элементтерден тұратын бейне (36,7%). Қалған бейнелербір-бір данадан көрсетілген – белдеуден және ою-өрнексіз аймақтан тұратын қарапайым мотивті бейне, тегіс элементтер мен белдеуден тұратын екі қарапайым мотивтермен берілген бейне және бірінің үстіне бірі салынған белдеу мен саусақ іздері элементтерінен тұратын күрделі қиылысатын мотивтен және ою-өрнексіз аймақтан тұратын бейне.

Үштік бейнелер арасында ең жиі кездесетіні – ою-өрнексіз екі аймақтан және олардың арасында бірінің үстіне бірі салынған белдеу мен тегіс элементтерден тұратын күрделі қиылысатын мотивті бейне (42,8%). Қалғандары бір-бір түрден ғана кездеседі – тегіс элементтерден тұратын қарапайым мотивті бейне, белдеу мен ою-өрнексіз аймақтан тұратын қарапайым мотивті бейне, ою-өрнексіз аймақ пен белдеу өрнегінен (ирек) тұратынқарапайым мотивті бейне, белдеу өрнегінен (ирек) тұратын қарапайым мотив пен ою-өрнексіз аймақтан тұратын бейне және ою-өрнексіз екі аймақ пен олардың арасындағыбелдеу өрнегінен (ирек) тұратын қарапайым мотивті бейне.



1-сурет–Жалғыз-Ағым тұрағының доңғал типтес керамикасы.

Бетін өңдеу. Барлық зерттелген ыдыстардың сыртқы және ішкі беті ангобпен сыланған, көлденең жұмсақ құралмен тегістелген (100%) және бір ыдыстың сыртқы беті қосымша жылтыратылған.

Қорытынды. Осылайша, Жалғыз-Ағым тұрағының доңғал типтес керамикасының талдауы келесідей қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді:

1) Доңғал типтес керамиканы зерттеу сол кезде өмір сүрген көзешілердің жаппай орташа темірленген сәл құмды сазды қолданғандығын көрсетті.

2) Лайдың ерекшеліктерін зерттеу саз өндіретін бес "орынды" немесе аймақты анықтауға мүмкіндік берді. Жаппай екі кен орны пайдаланылды: көлемі 0,05-0,7 мм құмы (сирек қосынды) мен көлемі 0,2-0,7 мм қоңыр теміртасы бар сәл құмданған саз (30% ыдыс), және 1:6 қатынасында көлемі 0,2-0,5 мм құм қоспасы,



көлемі 0,5-0,8 мм темірленбеген саздың аморфты түйіршіктері, көлемі 0,2-1,5 мм сүйек (бір жағдайда) бар сәл құмданған лайлы саз (20% ыдыс).

3) Осылайша, зерттеліп жатқан тұрақтағы керамикалық кешеннің доңғал типтес қыш ыдыстары мынадай рецепттер бойынша дайындалды: «балшық+шамот+ОЕ»(70%), азырақ «лайлы балшық+шамот+ОЕ» (20%), және бір жағдайда «балшық+қабыршақ+ОЕ» (10%). Алынған мәліметтерді талдай отырып, рецепттердің ішінде «балшық+шамот+ОЕ» (70%) ең көп кездеседі, яғни бұл тұрақта сол уақыттағы тұрғындардың біртекті болғандығын көрсетеді.

4) Ыдыстардың бетін өңдеу үшін қолмен жұмсақ зат арқылы тегістеу қолданылды, беті ангобпен сыланған (100%).

5) Зерттелген ыдыстардың ішінде көзе пішінді ыдыстар көптеп (70%) кездеседі, көзе-құты пішінді ыдыстар әлдеқайда сирек (30%) кездеседі.

6) Қарастырылған ыдыстардың ішінде үш тіркелген ою-өрнектің арасында белдеу (52,9%) және тегіс (41,2%) ою-өрнек басым. Ою-өрнектің элементтерін, мотивтерін және бейнелерін талдау барысында олардың ішкі құрылымы ұқсастығының үлкен коэффициенті анықталды. Осылайша, ою-өрнектен алған мәлімет бойынша негізгі бір мәдени дәстүр, үстіне тегіс элементтер салынған белдеу, бөлініп шығарылды (94,1%).

7) Алынған мәліметтер бойынша қара түсті бір қабатты сынық беті бар керамика төмен температурада қайта қалпына келтіру ортасында күйдірілген, ал екі және үш қабат түсті сынық беті бар керамика қысқа мерзімді температуралық қыздырудан өтіп, ашық жылы түске боялған.

Қорыта келе, зерттелген материалдар доңғал типтес керамика Батыс Қазақстанда да таралғандығын көрсетеді. Берілген материалдарды басқа доңғал типтес керамикалық кешендермен салыстыра отыра бұл ескерткіште қалыптау массасын жасаудың басым дәстүрі «саз+шамот+органикалық ерітінді» болса, Орталық Қазақстанда бұл дәстүр аз кездеседі (мысалы, Едірей 2 қонысында – 14,3%), ол жақта ең көп таралғаны аралас тәсіл - «саз+шамот+ұсақ тас+қи (көң)» [3, 116 б.], ал Алтай өңірі материалдарында «саз+шамот+органика»тәсілі доңғал типтес керамикасы үшін ең көп таралғаны болып табылады (Калиновка II - 54%, Жарково 3 - 57%)[12, 41 б.].Қалыптау массасының әртүрлілігіне қарамастан ою-өрнектеу дәстүрі біркелкі болып, бұл типтес кешендерді бөліп шығаруға негіз болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат:

Зерттеу жұмысы «BR20280993 Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: археологиялық дереккөздерді жүйелеу» іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру бағдарламасы аясында жасалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ломан В.Г. Донгальский тип керамики // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана / отв. ред. В.В. Евдокимов. Караганда: КарГУ. 1987. -С. 115-129.

[2] Бейсенов А.З., Ломан В.Г. К проблеме изучения поселений завершающего этапа бронзового века Центрального Казахстана // Комплексные общества из Центральной Евразии в III–I тыс. до н.э.: региональные особенности



в свете универсальных моделей. М-лы конф. (г. Челябинск, 24 августа – 2 сентября 1999 г.). Челябинск: Челяб. гос. ун-т. 1999. - С. 223-225.

[3] Бейсенов А.З., Ломан В.Г. Древние поселения Центрального Казахстана. Алматы: Инжу-Маржан. 2009. 264 с.

[4] Ломан В.Г. Общность культур переходного времени от эпохи поздней бронзы к раннему железному веку //Международное (XVI Уральское) археологическое совещание: м-лымеждунар. научн. конф. (г. Пермь, 6–10 октября 2003 г.) / отв. ред. А.Ф. Мельничук. Пермь: [б./и.]. 2003. - С. 82-84.

[5] Бейсенов А.З., Ломан В.Г., Касеналин А.Е. Новое в археологии Сарыарки: донгальские погребения могильника Кызыл // Бегазы-дандыбаевская культура степной Евразии / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: ИА КН МОН РК. 2013. - С. 59-73.

[6] Loman V.G., Evdokimov V.V. Dongal. Eine Siedlung der späten Bronze- und frühen Eisenzeit in Ostkasachstan // Eurasia antiqua: Zeitschrift für Archäologie Eurasiens, 2001. № 7, p. 95-103.

[7] Варфоломеев В.В. Относительная хронология керамических комплексов поселения Кент // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана / отв. ред. В.В. Евдокимов. Караганда: КарГУ. 1987. - С. 56-68.

[8] Евдокимов В.В. О выделении донгальской культуры переходного периода от эпохи бронзы к раннему железному веку в Центральном Казахстане // Проблемы археологии степной Евразии / отв. ред. В.Н. Добжанский. Кемерово: Кем. гос. ун-т. 1987. - С. 101-103.

[9] Воякин Д.А., Усманова Э.Р. Горно-металлургический комплекс Бозшаколь 1. Алматы: МИЦАИ. 2023. 282 с.

[10] Папин Д.В., Федорук А.С. О своеобразии памятников финальной бронзы степного Алтая // Экология древних и традиционных обществ. Вып. 3. Тюмень: Изд-во Вектор Бук. 2007. - С. 121-124.

[11] Папин Д.В., Федорук А.С., Ломан В.Г., Степанова Н.Ф. Лепная керамика периода поздней бронзы поселения Бурла-3 // Теория и практика археологических исследований. № 2 (33). 2021. - С. 175-192.

[12] Федорук А.С. Керамика «донгальского типа» в материалах памятников степного и лесостепного Алтая. Археология Казахстана. № 3 (21). 2023. - С. 32–47.

[13] Яншин, А. Л. Геология Северного Приаралья: стратиграфия и история геол. развития / Под ред. чл.-кор. АН СССР Н. С. Шатского. - Москва : Москва. о-во испытателей природы, 1953. - 736 с.

[14] Виноградов А.В. Археологическая разведка в районе Аральска – Саксаульской в 1955 г. // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959. с. 75-85.

[15] Археологическая карта Казахстана: Реестр Алма-Ата. 1960. 450 с.

[16] Исаков Г.Т. Каменная индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите–энеолите: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. 2006. Новосибирск. 30 с.

[17] Мамиров Т.Б. Памятник Шелги-загем // Свод памятников истории культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы. 2006. 376 с.

[18] Тажекеев А.А. Памятники кельтеминарской культуры Нижней Сырдарьи // Отан тарихы. №1 (57). 2012. - С. 102-108.



[19] Курманиязов Ы.С., Чеха А.М., Дарменов Р.Т., Назаров А.Ж. Сырьевые источники и технико-типологическая характеристика местонахождения Жалгыз-агым в Северном Приарале. Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология. 22(3). 2023. - С. 49-60.

[20] Бобринский А.А. Гончарство Восточной Европы. Источники и методы изучения. 1978. М. 272 с.

[21] Бобринский А.А. Актуальные проблемы изучения древнего гончарства (коллективная монография). Самара:Изд-Во СамГПУ, 1999.-233 с.

[22] Цетлин Ю.Б. (2006). Об определении степени ожелезненности исходного сырья для производства глиняной посуды // Вопросы археологии Поволжья: Выпуск 4. Самара: Изд-во «Научно-технический центр». 2006. - С. 421-425.

[23] Цетлин Ю.Б. Древняя керамика. Теория и методы историко-культурного подхода. М.: ИА РАН. 2012. 384 с.

[24] Волкова Е.В. Гончарство фатьяновских племен. Москва. Наука. 1996. 276 с.

[25] Степанова Н.Ф. Особенности сырья и формовочных масс керамики эпохи неолита и бронзы Горного Алтая и его северных предгорий // Древнее гончарство: итоги и перспективы изучения. М.2010.- С. 117-125.

[26] Васильева И.Н., Салугина Н.П. Из опыта проведения экспериментального обжига глиняной посуды // Экспериментальная археология. Взгляд в XXI век. Материалы международной полевой научной конференции «Экспериментальная археология. Взгляд в XXI век». Ульяновск: Областная типография «Печатный двор», 2013. - С. 57-89.

[27] Каздым А.А., Лопатина О.А. О естественной примеси песка в древней керамике (к обсуждению проблемы) // Древнее гончарство: итоги и перспективы изучения.- М.: ИА РАН. 2010. - С.46-57.

[28] Цетлин Ю.Б. Неолит центра Русской равнины: орнаментация керамики и методика периодизации культур, Гриф и К: Тула.2008. 359 с.

REFERENCES

[1] Loman, V. G. Dongal'skiy tip keramiki (1987). [Dongal type of ceramics] // Evdokimov, V. V. (ed.). Voprosy periodizatsii arkhologich eskikh pamyatnikov Tsentral'nogo Severnogo Kazakhstana (Issues of periodization of archaeological sites of Central and Northern Kazakhstan). Karaganda. P.115-129 [in Russian].

[2] Beisenov, A. Z., Loman, V. G. (1999). K problem izucheniya poseleni yzavershayushchego etapa bronzovogo veka Tsentral'nogo Kazakhstana [On the problem of studying settlements of the final stage of the Bronze Age in Central Kazakhstan] // Kompleksnyye obshchestva iz Tsentral'noy Yevrazii v III-I tys. do n.e.: regionalnyye osobennosti v svete universalnykh modeley (Complex Societies from Central Eurasia in the 3rd–1st Millennium BC: Regional Peculiarities in the Light of Universal Models). Chelyabinsk; Arkaim: Chebyabinsk University. P.223-225 [in Russian].



[3] Beysenov A.Z., Loman V.G. (2009). Drevniye poseleniya Tsentral'nogo Kazakhstana [Ancient settlements of Central Kazakhstan]. Almaty: Inzhu-Marzhan. 264 p. [in Russian].

[4] Loman V.G.(2003). Obshchnost' kul'tur perekhodnogo vremeni otepokhi pozdney bronzy k rannemu zhelezno muveku [Commonality of Cultures of the Transitional Period from the Late Bronze Age to the Early Iron Age] // Mezhdunarodnoye (XVI Ural'skoye) arkheologicheskoyesoveshchaniye: mlymezhdunar. nauchn. konf. (g. Perm', 6–10 oktyabrya 2003 g.) / otv. red. A.F. Mel'nichuk. Perm': [b./i.].P. 82-84. [in Russian].

[5] Beysenov A.Z., Loman V.G., Kasenalin A.Ye.(2013). Novoye v arkheologii Saryarki: dongal'skiye pogrebni yamogil'nika Kyzyl [New in the archeology of Saryarka: Dongal burials of the Kyzyl burial ground] // Begazy-dandybayevskaya kul'tura stepnoy Yevrazii / Otv. red. A.Z. Beysenov. Almaty: IA KN MON RK. P. 59-73. [in Russian].

[6] Loman V.G., Evdokimov V.V. (2001). Dongal. Eine Siedlung der späten Bronze- und frühen Eisenzeit in Ostkasachstan // Eurasia antiqua: Zeitschrift für Archäologie Eurasiens. № 7, P. 95-103. [in German].

[7] Varfolomeyev V.V. (1987). Otnositel'naya khronologiya keramicheskikh kompleksov poseleniya Kent // Voprosy periodizatsii I arkheologicheskikh pamyatnikov Tsentral'nogoi Severnogo Kazakhstana [Relative chronology of ceramic complexes of the Kent settlement] / otv. red. V.V. Yevdokimov. Karaganda: KarGU. P. 56-68. [in Russian].

[8] Yevdokimov V.V. (1987). O vydelenii dongal'skoy kul'tury perekhodnogo perioda otepokhi bronzy k rannemu zheleznomu veiku v Tsentral'nom Kazakhstane [On the identification of the Dongal culture of the transitional period from the Bronze Age to the early Iron Age in Central Kazakhstan] // Problemy arkheologii stepnoy Yevrazii / otv. red. V.N. Dobzhanskiy. Kemerovo: Kem. gos. un-t. P. 101-103. [in Russian].

[9] Voyakin D.A., Usmanova E.R. (2023). Gornometallurgicheskiy kompleks Bozshakol' 1. [Mining and metallurgical complex Bozshakol' 1.] Almaty: MITSAI. 282 p. [in Russian].

[10] Papin D.V., Fedoruk A.S.(2007). O svoeobrazii pamyatnikov final'noy bronzy stepnogo Altaya [On the originality of the monuments of the final bronze of the steppe Altai] // Ekologiya drevnikh I traditsionnykh obshchestv. Vyp. 3. Tyumen': Izd-vo Vektor Buk. P. 121-124. [in Russian].

[11] Papin D.V., Fedoruk A.S., Loman V.G., Stepanova N.F. (2021). Lepnaya keramika perioda pozdney bronzy poseleniya Burla-3 [Molded ceramics of the late Bronze Age of the Burla-3 settlement] // Teoriya I praktika arkheologicheskikh issledovaniy. № 2 (33) P. 175-192. [in Russian].

[12] Fedoruk A.S.(2023). Keramika «dongal'skogotipa» v materialakh pamyatnikov stepnogo I lesostepnogo Altaya [Ceramics of the "Dongal type" in the materials of the monuments of the steppe and forest-steppe Altai.] Arkheologiya Kazakhstana. № 3 (21). S. 32–47. [in Russian].

[13] Yanshin, A. L. (1953). Geologiya Severnogo Priaral'ya: stratigrafiya i istoriya geol. Razvitiya [Geology of the Northern Aral Sea region: stratigraphy and geological



history. Development] / Pod red. chl.-kor. AN SSSR N. S. Shatskogo. - Moskva: Moskva. o-voispytateley prirody. - 736 p., [in Russian].

[14] Vinogradov A.V. (1959). Arkheologicheskaya razvedka v rayone Aral'ska – Saksaul'skoy v 1955 g. [Archaeological exploration in the Aral-sk-Saksaul region in 1955] // Trudy IIAE AN KazSSR. T. 7. P. 75-85. [in Russian].

[15] Arkheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan]: Reyestr Alma-Ata. 1960. 450 s.

[16] Iskakov G.T. (2006). Kamennaya industriya Mugodzhari Severnogo Priaral'ya v mezolite–eneolite: [Stone industry of Mugodzhari and Northern Aral region in Mesolithic-Eneolithic:] Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Novosibirsk. 30 p.

[17] Mamirov T.B. (2007). Pamyatnik Shelgi-zagem [Monument Shelgi-zagem] // Svod pamyatnikov istori i kul'tury Respubliki Kazakhstan. Kyzylordinskaya oblast'. Almaty. 376 p. [in Russian].

[18] Tazekeev A.A. (2023). Pamyatniki kel'teminarskoj kul'tury Nizhney Syrdar'I [Monuments of the Kelteminar culture of the Lower Syrdarya] // Otantarih. № 1 (57). P. 102-108. [in Russian].

[19] Kurmaniyazov Y.S., Chekha A.M., Darmenov R.T., Nazarov A.ZH. (2023). Syr'yevyveistochnikiitexniko-tipologicheskaya kharakteristika mesto nakhozhdeniya Zhalgyz-agym v Severnom Priaral'ye. [Raw material sources and technical and typological characteristics of the Zhalgyz-agym site in the Northern Aral Sea region.] Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Istorija, filologiya. 22(3). P. 49-60. [in Russian].

[20] Bobrinskiy A.A. (1978) Goncharstvo Vostochnoy Yevropy. Istochniki I metody izucheniya. [Pottery of Eastern Europe. Sources and methods of study.] M. 272 p. [in Russian].

[21] Bobrinskiy A.A. (1999) Aktual'nyye problem izucheniya drevnego goncharstvo (kollektivnaya monografiya) [Actual problems of studying ancient pottery (collective monograph)]. Samara: Izd-Vo SamGPU. -233 p. [in Russian].

[22] Tsetlin YU.B. (2006) Ob opredelenii stepen I ozhelezennostii skhodnogo syr'yadlyaproj zvodstvagliyanoy posudy [On the determination of the degree of iron content of the initial raw material for the production of clay pottery] // VoprosyarkheologiiPovolzh'ya: Vypusk 4. Samara: Izd-vo «Nauchno-tekhnicheskiytsentr». P. 421-425. [in Russian].

[23] Tsetlin Yu.B. (2012) Drevnyaya keramika. Teoriya I metody istoriko-kul'turnogo podkhoda. [Ancient ceramics. Theory and methods of historical-cultural approach.] Moscow: IARAS. 384 p. [in Russian].

[24] Volkova Ye.V. (1996). Goncharstvofat'yanovskikhplemen. [Pottery of the Fatyanovo tribes.] Moskva. Nauka. 276 p. [in Russian].

[25] Stepanova N.F. (2010) Osobennosti syr'yaiformovochnykh mass keramiki epokhi neolita i bronzy Gornogo Altaya I yego severnykh predgoriy [Features of raw materials and molding masses of Neolithic and Bronze Age ceramics of the Altai Mountains and its northern foothills] // Drevneye goncharstvo: itogi I perspektivy izucheniya. M.P. 117-125. [in Russian].

[26] Vasil'yeva I.N., Salugina N.P. (2013) Izopytaprovedeniya eksperimental'nogo obzhiga gliyanoy posudy [From the experience of experimental



firing of clay dishes] // Eksperimental' naya arkhеologiya. Vzglyad v XXI vek. Materialy mezhdunarodnoy polevoy nauchnoy konferentsii «Eksperimental'naya arkhеologiya. Vzglyad v XXI vek». Ulyanovsk: Oblastnaya tipografiya «Pechatnyydvor». P. 57-89.[in Russian].

[27] Kazdym A.A., Lopatina O.A.(2010) O yestestvennoy primesi peska v drevney keramike (k obsuzhdeniyu problemy) [On the natural admixture of sand in ancient ceramics (towards a discussion of the problem)] // Drevneyegoncharstvo: itogi i perspektivy izucheniya.- M.: IA RAN. P.46-57.[in Russian].

[28] Tsetlin YU.B. (2008) Neolittsentra Russkojravniny: ornamentatsiya keramikii metodi kaperiodizatsii kul'tur, [Neolithic of the Central Russian Plain: Ornamentation of Ceramics and Methods of Periodization of Cultures] Grifi K: Tula.359 p.[in Russian].

С.Рахимжанова, Ы.Құрманязов, Ж.Аққошқарова, Анна Ракутубе
КЕРАМИКА ДОНГАЛЬСКОГО ТИПА СО СТОЯНКИ ЖАЛГЫЗ-АГЫМ В СЕВЕРНОМ ПРИАРАЛЬЕ

Аннотация. В статье представлены результаты технико-технологического анализа керамики донгальского типа стоянки Жалгыз-Агым. Керамика изучена в рамках историко-культурного подхода к изучению древнего гончарства, разработанного А.А. Бобринским.

Исследование посвящено вычленению культурных традиций в керамике донгальского типа стоянки Жалгыз-Агым и сравнительному анализу с другими материалами. Таким образом, обнаружено что гончары в основном использовали среднежелезненные слабозапесоченные глины. Изучение особенности глин поспособствовало определению пяти условных «мест» или районов добычи глины и илистых глин. Анализ формовочных масс демонстрирует, что преобладающее число сосудов донгальского типа на стоянке Жалгыз-Агым были изготовлены по рецепту «глина + шамот + органический раствор» (70%), остальные рецепты зафиксированы по одному экземпляру, что свидетельствует о том, что население, в это время было достаточно однородным. Для обработки поверхности посуды применялось заглаживание мягким инструментом, поверхность ангобирована (100%). Чаще всего в исследуемый отрезок времени бытования населения отмечены сосуды горшечных форм (70%), преобладающим орнаментом являлся валик (52,9%) и гладкий (41,2%) элемент.

Таким образом, изученные материалы показывают, что донгальский тип керамики распространен также в Западном Казахстане.

Ключевые слова: Донгальский тип керамики; стоянка; керамика; технико-технологический анализ; орнаментация; Приаралье.

S. Rakhimzhanova, Y. Kurmaniyazov, Zh. Akkoshkarova, Anna Rakutube
DONGAL TYPE OF CERAMICS AT THE ZHALGYZ-AGYM SITE IN
THE NORTHERN ARAL SEA REGION

Annotation. The article presents the results of the technical and technological analysis of the Dongal type ceramics from the Zhalgyz-Agym site. The ceramics were studied within the framework of the historical and cultural approach to the study of



ancient pottery developed by A.A. Bobrinsky. The study is devoted to the identification of cultural traditions in the Dongal type ceramics from the Zhalgyz-Agym site and a comparative analysis with other materials. Thus, it was found that the potters mainly used medium-iron, weakly sanded clays. The study of the clay features contributed to the definition of five conventional "places" or areas of clay and silt clay mining. The analysis of the molding masses demonstrates that the predominant number of vessels of the Dongal type at the Zhalgyz-Agym site were made according to the recipe "clay + chamotte + organic solution" (70%), the remaining recipes were recorded for one copy, which indicates that the population at that time was quite homogeneous. Smoothing with a soft tool was used to process the surface of the dishes, the surface was engobed (100%). Most often, in the studied period of the population's existence, pottery-shaped vessels were noted (70%), the predominant ornament was a beam (52.9%) and a smooth (41.2%) element.

Thus, the studied materials show that the Dongal type of ceramics is also widespread in Western Kazakhstan.

Key words: Dongal type of pottery; site; ceramics; technical-technological analysis; ornamentation; Aral Sea region.